

Қаралды:
Жаратылыстану-математика
білім мұғалімдерінің ӘБ
бөлімі отырысында
Д.Б. Джуманазарова Т.Б.
№ 01 хаттамасы
«02» 09 2024 ж.

Келісемін:
Директордың бейіндік
оқыту жөніндегі орынбасары
Болат А.
«02» 09 2024 ж.

Бекітемін
«Ақмола облысы»
Бұланды ауданы бойынша білім
Макинск қаласының мектеп-
лицейі» КММ директорының м.а
Серік Н.
«02» 09 2024 ж.

« Рекреациялық география»

факультатив жоспары

Сынып: 6 «А»

Үйірме жетекшісі: Оразбаева А.К.

2024-2025 жыл

Түсінік хат

Рекреациялық география – оқушыларды география ғылымына өз бетімен бағыттай отырып, белгілі бір аймақтық рекреациялық жүйенің қалыптасу заңдылықтары мен дамуын үйретеді.

Аймақтық рекреациялық жүйе - адамдардың демалыс кезін дұрыс ұйымдастыру, адамның еңбек процесінде жұмсаған дене және рухани күштерін қалпына келтіру мен дамыту (рекреация – лат. *recreatio* – қалпына келтіру) .

Аймақтық рекреациялық жүйе – адамдардың демалыс кезіне қызмет ететін күрделі жүйе.

Рекреациялық жүйе демалушылардың өздері, техникалық құралдар және тұрғын үйлер, қызметкерлер мен басқару элементтері ұйымдастырылған, оның ішінде табиғи және мәдени кешендер кіреді.

Аймақтық рекреациялық жүйенің тиімділігін арттырудың жолдарын зерттеумен қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарының әртүрлі салалары (әлеуметтану, экономика, физиология, медицина, архитектура) айналысады. Сондықтан медициналық, физикалық, экономикалық география бағытындағы мамандар мен техникалық, әлеуметтік, жаратылыстану ғылымдары мамандарының бірігуі қажет.

Географияның әртүрлі салаларын біріктіретін жүйелі ғылым ретінде рекреациялық географияның орта мектеп курсына оқытудың маңызы зор.

Рекреациялық география оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, қоршаған ортаны танып білуге үйретумен қатар, табиғат адамның қажеттілігін қамтамасыз ететін ортасы, рухани дамуы мен күш жігерін қалпына келтіретін демалыс орны екенін ұғындырады.

Бұл курстың бағыты: оқушылардың географиялық білімін кеңейтумен қатар, туған өлкені зерттеуді, рекреациялық география элементтеріне баса назар аударуды үйретеді.

Курсты әртүрлі әдіс тәсілдерді пайдаланып өткізуге болады: дәріс, семинар, сарамандық жұмыстар, ақпарттық жүйені пайдалану арқылы презентациялар дайындау.

«Рекреациялық география» тандау курс бойынша бағдарлама

Білім құрылымындағы тандау курсының орны:

«Рекреациялық география» тандау курсы 6-сыныптарда оқылатын география пәні бойынша оқушыларға қосымша құрал.

Мақсаты: Қазақстанның рекреациялық ресурстары мен туристік игерумен және туризм саласының болашақ дамуымен және ғылымның терминологиялық, теориялық тұжырымдамаларымен таныстыру. Қазақстан табиғатының қайталанбас әсем көріністері мен туристік-рекреациялық мүмкіншіліктеріне сүйене отырып, оқушыларды әсемдікті сезіну мен табиғатты қорғауға баулу.

Міндеті:

- курстың теориялық негіздемелері мен негізгі анықтамаларын (аймақтық рекреациялық жүйе, рекреациялық аудандастыру) түсіндіру.

- аймақтағы туризм дамуының қазіргі жағдайын бағалау және олардың рекреациялық игерілуін анықтау.

- Қазақстан туризмінің қалыптасу мәселелерін талқылау.

Күтілетін нәтиже:

1. Экономикалық және әлеуметтік география саласындағы білімді тереңдетеді.
2. оқушылар қабілетіне қарай мемлекеттік стандартқа сәйкес саналы білім алады.
3. өз бетінше ойлай білетін белсенді, өзін-өзі реттеп, жауапкершілікпен қарайтын тұлға қалыптасады.
4. Қоршаған ортаға қызығушылығын арттырумен қатар байқампаздық, шығармашылық белсенділік дамытады
5. Жергілікті жердің рекреациялық аудандарын танып білуде оқушылардың белсенді практикалық іс-әрекеті қалыптасады.
6. түпкі нәтиже білім сапасын арттыру болып табылады.

Оқушыларға қойылатын талаптар:

- «демалу» және «рекреация» ұғымын бір бірінен ажырата білуге үйренеді.
- рекреациялық іс-әрекеттің түрлерін білуі тиіс.
- Қазақстанның басты рекреациялық аудандарын білуі тиіс.

Оқушылар қолдана білуі тиіс:

- Оқулықтан басқа энциклопедия материалын, географиялық сөздіктер пайдалана білу;
- Туристік орталықтарға әртүрлі білім көздерін пайдалана отырып сипаттама бере білу.
- Картаны пайдаланып, жергілікті жердегі туризмнің қалыптасуы мен даму мүмкіндігін білу.

Курстың мазмұны

Кіріспе (1 сағат).

Тақырыбы 1. Рекреациялық география - жаратылыстану ғылымының бір саласы (5 сағат)

Дәріс: Рекреациялық географияның түсінігі, мәні мен маңызы (1 сағат).

Дәріс: Рекреациялық географияның ғылым ретінде дамуы (1 сағат).

Дәріс: Рекреацияның типтері (1 сағат).

Дәріс: Аймақтық рекреациялық жүйе-рекреациялық жүйенің оқыту объектісі (1 сағат).

Өздік жұмыс: Рекреациялық іс-әрекетті ұйымдастыру (Постер құрастыру)

Тақырыбы 2. Рекреациялық ресурстар (10 сағат).

Дәріс: Рекреациялық ресурстардың қажеттілігі (1 сағат).

Дәріс: Рекреациялық ресурстарға сипаттама (1 сағат).

Семинар: Рекреациялық ресурстардың қызметіне қарай түрлері (1 сағат).

Дәріс: Рекреациялық іс-әрекетті ұйымдастыру (1 сағат).

Дәріс: Қазақстанның рекреациялық ресурстары (1 сағат).

Практикалық жұмыс: Қазақстанның рекреациялық ресурстарына саяхат (картамен жұмыс) (1 сағат).

Дәріс: Жергілікті жердің рекреациялық ресурстары (1 сағат).

Дәріс: «Ақжайық» санаториялық - курорттық рекреациялық аймағы (1 сағат).

Практикалық жұмыс: «Демалыс кезіндегі адамдардың қоршаған ортаға әсері» карта-схема құрастыру (1 сағат).

Семинар: Демалыс - экономиканың негізгі саласы (1 сағат).

Тақырыбы 3. Батыс Қазақстан экономикалық ауданының рекреациялық аймақтарына жалпы шолу (12 сағат).

Дәріс: Батыс Қазақстан экономикалық ауданының ерекше қорғалатын аймақтары (1 сағат).

Дәріс: Архитектуралық ескерткіштер (1 сағат).

Дәріс: Бөкей Орда табиғи-архитектуралық ескерткіші (1 сағат).

Дәріс: Шалқар көлі туристік-рекреациялық аймағы (1 сағат).

Дәріс: Шалқар көлінің биогидрологиялық қорықшасы (1 сағат).

Дәріс: Жайық өзені бассейнінің табиғи ескерткіштері (1 сағат).

Дәріс: Бор таулары (1 сағат).

Дәріс: Қарақия ойпаты (1 сағат).

Дәріс: Үстірт қорығы (1 сағат).

Дәріс: Маңғыстау таулары (1 сағат).

Жоба қорғау: Таңдау бойынша жергілікті жердің рекреациялық аймағына баға беру (1 сағат).

Тақырыбы 4. Туристік ресурстар (3 сағат).

Дәріс: Туристік ресурстарға сипаттама (1 сағат).

Дәріс: Туризмдегі табиғи және мәдени мұралардың орны (1 сағат).

Практикалық жұмыс: «Туризм түрлері» жоспарын құрастыру (1 сағат).

Тақырыбы 5. Рекреациялық зерттеулерге оқушылардың қатысуы (2 сағат).

Семинар: Жергілікті жердің рекреациялық мүмкіндіктерін пайдалану жолдарын сипаттау (1 сағат).

Практикалық жұмыс: Бір рекреациялық аймақтың физико-географиялық жағдайын анықтау (1 сағат). Курсты қорытындылау (1 сағат).

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
«Рекреациялық география» бағдарламасы

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе	1с	10.09.2024
I	Рекреациялық география-география ғылымының бір саласы	5с	
1	Рекреациялық географияның түсінігі, мәні мен маңызы	1	17.09
2	Рекреациялық географияның ғылым ретінде дамуы	1	24.09
3	Рекреацияның типтері	1	01.10
4	Аймақтық рекреациялық жүйе-рекреациялық жүйенің оқыту объектісі	1	08.10
5	Рекреациялық іс-әрекетті ұйымдастыру	1	15.10
II	Рекреациялық ресурстар	10с	
1	Рекреациялық ресурстардың қажеттілігі	1	22.10
2	Рекреациялық ресурстарға сипаттама	1	05.11
3	Рекреациялық ресурстардың қызметіне қарай түрлері	1	12.11
4	Рекреациялық іс-әрекетті ұйымдастыру	1	19.11
5	Қазақстанның рекреациялық ресурстары	1	26.11
6	Қазақстанның рекреациялық ресурстарына саяхат(картамен жұмыс)	1	03.12
7	Жергілікті рекреациялық ресурстар	1	10.12
8	«Ақжайық» санаториялық курорттық рекреациялық аймағы	1	17.12
9	«Демалыс кезіндегі адамның қоршаған ортаға әсері» карта-схема құрастыру	1	24.12
10	Демалыс-экономиканың негізгі саласы	1	14.01.2025
III	Батыс Қазақстан экономикалық ауданының рекреациялық аймақтарына жалпы шолу	12	
1	Батыс Қазақстан экономикалық ауданының ерекше қорғалатын аймақтары	1	21.01
2	Архитектуралық ескерткіштер	2	28.01
3	Бөкей Орда табиғи –архитектуралық ескерткіші	1	04.02
4	Шалқар көлі туристік-рекреациялық аймағы	1	11.02
5	Шалқар көлінің биогидрологиялық қорықшасы	1	18.02
6	Жайық өзені бассейнінің табиғи ескерткіштері	1	25.02
7	Бор таулары	1	04.03
8	Қаракия ойпаты	1	11.03
9	Үстірт қорығы	1	18.03
10	Маңғыстау таулары	1	01.04

11	Таңдау бойынша жергілікті жердің рекреациялық аймағына баға беру	1	08.04
IV	Туристік ресурстар	3	
1	Туристік ресурстарға сипаттама	1	15.04
2	Туризмдегі табиғи және мәдени мұралардың орны	1	22.04
3	«Туризм түрлері» жоспарын құрастыру	1	29.04
V	Рекреациялық зерттеу жүргізуге оқушылардың қатысуын ұйымдастыру	2	
1	Жергілікті жердің рекреациялық мүмкіндіктерін пайдалану жолдарын сипаттау	1	06.05
2	Бір рекреациялық аймақтың физико-географиялық жағдайын анықтау	1	13.05
	Курсты қорытындылау	1	20.05

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Александрова, А. Ю. География международного туризма // География в школе. – 2003. – № 4.
2. Атлас по экономической и социальной географии мира. 10 класс. – М., 2002.
3. Веденин, Ю. А. Рекреационная деятельность и экология человека. – М., 1988.
4. Герасимова, И. П., Преображенский, В. С. Основы конструктивной географии. – М., 1986.
5. Даринский, А. В. Туристическая индустрия США // География в школе. – 2001. – № 6.
6. Даринский, А. В. Программа курса «География туризма» // География в школе. – 1994. – № 2.
7. Максаковский, В. П. Экономическая и социальная география мира. – М., 2002.
8. Максаковский, В. П. Методическое пособие для учителя «Экономическая и социальная география мира». – М., 2002.
9. Мироненко, Н. С., Твердохлебов, И. Т. Рекреационная география. – М., 1981.
10. Мироненко, Н. С., Бочкарева, М. М. Рекреационные системы. – М., 1986.
11. Тивяков, С. Д. Экскурсионные объекты экологического туризма в Кузбассе // География в школе. – 2001. – № 3.
12. Чермисин, П. А. Виды современного туризма // География в школе. – 2003. – № 6.
13. Хильченко, Л. Н. Практическая работа «Составление картосхемы основных районов международного туризма» // География в школе. – 2003. – № 4.